

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

государственного аудита;

3) проведение государственного аудита в соответствии с законодательством Республики Казахстан, стандартами государственного аудита и финансового контроля, применение объективного подхода и исключение конфликта интересов;

4) обладание необходимым объемом знаний и навыков, позволяющих обеспечивать проведение квалифицированного и качественного государственного аудита, следование профессиональному долгу;

5) обеспечение сохранности документов, получаемых или составляемых в ходе государственного аудита, без права передачи их третьим лицам либо устного разглашения содержащихся в них сведений, за исключением случаев, предусмотренных законодательством Республики Казахстан;

6) подтверждение результатов государственного аудита аудиторскими доказательствами;

7) ясное изложение результатов государственного аудита;

8) недопущение использования должностного статуса в личных целях и отношений, которые влекут за собой риск совершения правонарушений, дискредитирующих государственную службу, или вызывающих сомнения в объективности или независимости.

Для решения проблем, связанных с взаимоотношениями между руководителями и сотрудниками в государственном аудите, необходимо внедрить систему корпоративного обучения и развития, направленную на формирование профессиональной этики и коммуникативных навыков. Также целесообразно внедрить механизмы обратной связи и регулярные оценки работы руководства, создавая тем самым прозрачные механизмы взаимодействия. Поддержка психологического благополучия сотрудников и внимание к их потребностям также являются важными элементами, способствующими улучшению общего климата в организации.

#### Список использованных источников

1. Стеблецова О. В. Этический аспект независимости аудиторов в финансовом и государственном аудите (<https://cyberleninka.ru/article/n/eticheskiy-aspekt-nezavisimosti-auditorov-v-finansovom-i-gosudarstvennom-audite/viewer>)

2 Сембиева Л.М. Внутренний государственный аудит. (<https://megapro.enu.kz/ProtectedView/Book/ViewBook/72460>)

3. Журнал EUROSАI HOMEP 21 – 2015 (133 страница) <https://www.eurosai.org/handle404?exporturi=/export/sites/eurosai/.content/documents/magazines/Eurosai-21-RU.pdf>

4. Закон Республики Казахстан от 12 ноября 2015 года № 392-V «О государственном аудите и финансовом контроле». Режим доступа [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=37724730](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37724730)

УДК 336.051

### ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АУДИТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ («ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰК АҚ МЫСАЛЫНДА)

Утебаева Аружан Талгатовна

[Aruzhan0907@mail.ru](mailto:Aruzhan0907@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультетінің  
«Мемлекеттік аудит» БББ 3-курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші: А.К. Жахметова

Кез келген мемлекет өз экономикасының жоғары деңгейде болуына, бюджет қаражатының тиімді жұмсалыуына және елдің әл-ауқатын барынша жақсартуға мүдделі. Себебі, осы мәселелерді дұрыс шешкен мемлекет қана әлемдік деңгейде алдыңғы қатардағы дамыған мемлекет қатарында бола алады. Мемлекеттің алдыңғы деңгейге шығуына әрине,

көптеген факторлар әсер етеді, мәселен, мемлекеттің демографиясы, орналасқан жері, қоғамдық құндылықтары, және тағы да басқа. Алайда, менің ойымша, мемлекеттің жоғары дәрежеге жетуіне ең бірінші әсер ететін фактор – экономика. Экономика халықтың шаруашылығын реттейтін және басқаратын ғылым екені бәрімізге белгілі. Сәйкесінше, қазіргі таңда дұрыс құрылған экономика, жаңа бағытталған экономикалық саясат және қаражатты дұрыс басқару кез келген мемлекеттің басты приоритетінде деп айтсам, артық айтпаспын. Бұл жердегі, экономиканы дұрыс құру, қаражатты басқара білу – оны бақылаумен және тексерумен, тиісінше ұсынымдар беріп, оны жақсарту және дамытумен іспеттес.

Қазіргі таңда, осы мәселелерді шешу мақсатымен аудит жүйесінің дамуына да, оның заңнамалық түрде бекітіліп, тиісті дәрежеде орындалуына баса назар аударылады. Осы тұста, айта кетерлік жайт, аудиттің, оның ішінде қаржылық есептілік аудитінің экономикада алар орны ерекше. Себебі, қаржылық есептілік аудиті-бұл аудиторлық компания немесе тәуелсіз аудитор қаржылық есептілікте ұсынылған қаржылық жағдай мен компания қызметінің нәтижелері туралы ақпараттың дұрыстығы мен объективтілігін тексеру үшін жүргізетін процесс. Демек, аудиттің бұл типі барлық кәсіпорындар мен мекемелердің қаржылық жағдайы, қызметі, болашақтағы жағдайы туралы болжамдар жасауға мүмкіндік беретін бірден бір тексеру болып табылады деген тұжырымға келемін. Оның маңыздылығын біздің еліміздің нормативтік-құқықтық актілерінде жазылған фактілермен де растап кетсем болады: Ұйымдар депозитарийдің қосымша кіші бөліміне қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті ұсынады.[1] Демек, ұйымдардың жыл сайынғы қаржылық есептілігі осы қаржылық есептілікке аудиторлық есеп бекітілсе ғана қабылданатынын атап кетуге болады. Бұл, қаржылық есептілік аудитінің елдегі дәрежесін арттыра түскен.

Қаржылық есептілік аудитінің мақсаты – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігінің анықтығын негізделген растауды алу болып табылады.[2]

Қаржылық есептілік аудитін жіті талдау мақсатында мысал ретінде Қазақстан Темір Жолы ҰК АҚ-ның қызметін қарастыруды жөн көрдім. Себебі, бұл компания – Қазақстан Республикасы теміржол магистралының негізгі операторы, жүктер мен жолаушыларды ұлттық темір жол тасымалдаушы, ірі көлік-логистикалық холдинг. Бизнес-процестерді жетілдіру, қызметті цифрландыру, қызметкерлердің кәсібилігін арттыру есебінен тұрақты даму, көрсетілетін қызметтер сапасы мен экономикалық тиімділігі бойынша ұқсас компаниялар арасында көшбасшы болып табылады. Компанияның еліміздің дамуында және экономикасында ойып алар орны бар екені сөзсіз, сондықтан компанияға жүргізілген қаржылық есептілік аудитін талдау өзекті тақырып деп санаймын. 2006 жылдан бастап «Делойт» ЖШС «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның аудиторы болып табылады. 2021 жылдан бастап «ҚТЖ» «ҰК» АҚ шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігінің аудитіне серіктес Сыртқы аудитордың 2022 жылға сыйақы мөлшері: 142 015 104 теңге.[3]

Қаржылық есептілік аудитін жүргізу кезеңдері: жоспарлау (ішкі бақылау жүйесін тестілеу; зерттеу әдістерін айқындау (тұтас немесе іріктеулі), аудит жоспарын және бағдарламасын жасау және бекіту); аудитті мәні бойынша жүргізу (аудиторлық дәлелдерді, аудиторлық рәсімдерді, аудиторлық іріктеуді жинау); аудитті аяқтау (аудит нәтижелерін қорыту және оларды құжаттық рәсімдеу).[4]

Осыған сәйкес, жоспарлау кезеңінде аудит тобының жетекшісі жоспар әзірледі, онда аудиттің үлгісі мен мерзімдері, аудит объектілері мен жүру маршруттары, қажетті кадрлық ресурстар, аудиторлық іс-шарада қамтылатын қаражат және активтер көлемі көрсетілген. Сондай-ақ, жоспарлау кезінде компанияның ішкі бақылау жүйесі зерделенген және тәуекелдерін бағалауға баса назар аударылған. Бұл ретте, келесі тұжырымдарды атап кетуге болады:

✓ «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау үшін жауапты құрылымдық бөлімше жұмыс істейді, ол тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуін ұйымдастырады, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы жергілікті нормативтік актілерді әзірлеуді және өзектендіруді қамтамасыз етеді, тәуекелдерді анықтау және бағалау

бөлігінде басқа құрылымдық бөлімшелерге әдіснамалық қолдау көрсетеді және ұсынымдар береді.


✓ «ҚТЖ» ҰК» АҚ ішкі бақылау жүйесі корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады, басқарудың барлық деңгейлерін, «ҚТЖ» ҰК» АҚ ішкі процестері мен операцияларын қамтиды. Тәуекелдерді басқаруға және ішкі бақылауға жауапты құрылымдық бөлімше бизнес-процестердің ішкі бақылауларының дизайнын бағалауды жүзеге асырады.

✓ 2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ішкі аудит қызметі «Компанияның корпоративтік басқару жүйесін диагностикалау» тақырыбына жүргізген аудиторлық тексеру нәтижесінде Компанияның тәуекел мәдениетін бағалауды қоса алғанда «Тәуекелдіктерді басқару, ішкі бақылау және аудит» компоненті бойынша «ВВ» рейтингі берілді.

✓ Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау нәтижелері «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасы мен Директорлар кеңесіне, сондай-ақ тиісті комитеттерге, тәуекелдер туралы есеп түрінде беріледі. Бұл есеп «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның негізгі тәуекелдері, негізгі тәуекел көрсеткіштері, негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарлары туралы ақпаратты қамтиды.

✓ «ҚТЖ» ҰК» АҚ басымдылығы – тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау элементтерін қолданыстағы бизнес-процестерге енгізу, сондай-ақ тәуекелдерді басқару мәдениетін дамыту.

Тәуекелді бағалау кезінде мемлекеттік аудитор жұмысының тиімділік тәуекелі мен сапасының негізгі құрамдастарын сипаттайтын факторларды анықтау қажет. «ҚТЖ» ҰК» АҚ оның қызметіне және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін келесі негізгі тәуекелдерге ұшырауы мүмкін(1-сурет):




1-сурет. ҚТЖ ҰК АҚ 2022 жыл бойынша негізгі тәуекелдері

Тәуекел құралдарын тестілеу нәтижелеріне талдау жүргізген кезде аудитор тәуекел құралдары әртүрлі уақыт кезеңдерінде тиімсіз болуы мүмкін екендігі фактісін назарға алады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ өз қызметінің тиімділігін арттыру, транзиттік тасымалдарды ұлғайту, сондай-ақ дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру (шығындарды қосымша қысқарту) жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

Аудитті мәні бойынша жүргізу кезеңінде компанияның қызметі бойынша аудиторлық дәлелдемелер жиналғанын және тиісті аудиторлық рәсімдер жүргізілгенін айта кету керек. Бұл ретте, аудиторлық дәлелдеме көздері ретінде бастапқы есепке алу құжаттары,бухгалтерлік есепке алу тіркелімдері;қағаз, сол сияқты электрондық түрдегі есеп айырысулар; есепті кезеңдегі қаржылық есептілік; аудит объектісі басшылығының отырыстарының, кеңестерінің хаттамалары және тағы да басқа мәліметтер негізге алынды. Аудитті жүргізу кезінде аудиттің

негізгі мәселелері ретінде ұзақ мерзімді активтердің құнсыздану индикаторларының болуын бағалау анықталды. Бұл ретте, компанияның негізгі құралдары, материалдық емес активтері және еншілес ұйымдарға инвестицияларды жиынтық активтерінің 64% құрайды. Басшылық бүкіл Топ ақша ағындарын өндіретін бір бірлік болып табылатынын анықтады, бұл басшылықтан маңызды пайымдауларды қолдануды талап етті. Талдау нәтижесінде Компания басшылығы 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ақша ағындарын өндіретін бір бірліктің құнсыздану индикаторлары ретінде қарала алатын 2022 ж. болған қандай да бір оқиғаларды немесе мән-жайларды анықтаған жоқ. Ұзақ мерзімді активтердің маңыздылығына және жоғарыда сипатталған кәсіби пайымдардың мәніне және олардың жеке қаржылық есептілікке әлеуетті әсеріне байланысты бұл мәселе аудиттің негізгі мәселесі ретінде танылды. Сондай-ақ, аудитті жүргізу кезінде компанияның қаржылық жағдайына, яғни бухгалтерлік балансына (2-сурет) алдыңғы жылдың қаржылық жағдайымен салыстыра отырып, жіті талдау жасалған. Оның ішінде, активтер талдауы, капитал мен міндеттемелер талдауы қарастырылды.




2-сурет. ҚТЖ ҰК АҚ 2022 жыл бойынша бухгалтерлік баланс құрылымы, трлн тг

Жоғарыдағы диаграммадан байқағанымыздай, активтер компанияның қаржылық жағдайы туралы есебінің көп бөлігін қамтиды, міндеттемелер мен капитал қосындысы активтердің шамасына тең. Келесі, ҚТЖ ҰК АҚ 2021-2022 жылдар бойынша активтерінің, оның ішінде ағымдағы және қысқа мерзімді активтерінің талдауы жасалды (3-сурет)



3-сурет. 2021-2022 жыл бойынша активтер талдауы, трлн тг

Активтер талдауында компанияда 2022 жылы активтердің екі түрінің де артуы байқалады. Яғни, бұл компанияның қызметінің тиімді әрі өнімді екенін, компанияның қаржылық жағдайының тұрақты екенін білдіреді. Сонымен қатар, ҚТЖ ҰК АҚ капиталы мен міндеттемелерін салыстырдық (4-сурет)



4-сурет. 2021-2022 жыл бойынша капитал мен міндеттемелер талдауы, трлн тг

Талдау бойынша 2022 жылы капитал мен міндеттемелер бөлімі де артқанын айта кету керек. Яғни, компанияда активтердің де, пассивтердің де бірдей деңгейде артып келе жатқандығы байқалады. ҚТЖ ҰҚ АҚ қаржылық жағдай туралы есебін салыстыра отыра, келесідей тұжырымдар шығаруға болады: ұйым активтерінің өсуі және капитал өсуі байқалады (активтер: 9 %-ға, капитал: 16% артқан). Міндеттемелердің шамалы көбеюі көрініс тапқан (2%). Яғни, меншікті капиталдың және активтердің ұлғаюы кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын және оның төлемқабілеттілігін арттырады.

Қорытындылай келе, 2022 жыл бойынша компанияның ұсынған қаржылық есептілігі бойынша тәуелсіз аудитор «ескертпесі бар пікір» қамтитын аудиторлық есеп ұсынған. «Ескертпесі бар пікір білдіру негізі» бөлімінде оларға 2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 177 640985 мың теңге сомасындағы еншілес ұйымдарға инвестициялардың, баланстық құнына енгізілген, 2007 ж. 1 қаңтарға дейін жасалған бірқатар еншілес ұйымдардың, капиталына монетарлық емес салымдардың әділ құнына қатысты жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдемелер ұсынылмағанын, тисінше, көрсетілген соманы, сондай-ақ тиісті ескертулерде ашылған ақпаратты түзету қажеттілігін анықтай алмағандарын тілге тиек етті. Аталған аспектілердің қаржылық есептілікке ықтимал әсерін қоспағанда, қаржылық есептілік 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес оның 2022 жыл іші қаржы нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын барлық маңызды аспектілерде шынайы көрсетеді деген тұжырымға келген. Осындай тұжырым шығару үшін, олар жеткілікті түрде және ҚР нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес қаржылық есептілік аудитін жүргізген. Осыған байланысты, жазбаша жұмыста жүргізілген қаржылық есептілік аудитінің негізгі кезеңдері мен аудит барысында анықталған ақпарат пен дәлелдемелерді талданып, компания қызметі бойынша негізгі қорытынды көрсеткіштер қаралды және тиісті пікірлер берілді. ҚТЖ ҰҚ АҚ бойынша 2021-2022 жыл жағдайына қаржылық жағдайын, қаржылық есептілік аудитінің нәтижелерін талдай отырып, келесі ұсынымдарды берер едім:

✓ Кәсіпорынның қаржылық-экономикалық жағдайын жақсарту жөніндегі шараларды әзірлеу талдаудың соңғы кезеңі болып табылады, оның қажеттілігі кәсіпорынның қаржылық-экономикалық қызметін талдау нәтижелерімен негізделген. Мүмкін болатын іс-шаралардың қатарына өтімділікті, төлем қабілеттілігін және қаржылық тәуелсіздікті қалпына келтіруге, негізгі және айналым қаражаттарын пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар жатады;

✓ Айналым қаражатын нормалау, яғни ұйымның қалыпты, үздіксіз жұмыс істеуі үшін қажет барлық компоненттер үшін айналым қаражаттарына минималды қажеттілікті жоспарлау;

✓ Ұзақ мерзімді несиелер алу, бұл ұйымның қарызын қайта құрылымдауға әкеледі. Бұл ретте ұзақ мерзімді кредит нысаналы сипатқа ие екенін есте ұстаған жөн, осыған байланысты бұл жағдайда өтімділік пен төлем қабілеттілігін жақсарту тиімді болады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілікті депозитарийге тапсыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы № 94 бұйрығы [электрондық ресурс] URL: [Жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілікті депозитарийге тапсыру қағидаларын бекіту туралы - "Әділет" АҚЖ \(zan.kz\)](#)

2. "Қаржылық есептілік аудиті" рәсімдік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 272 бұйрығы [электрондық ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015209>

3. Қазақстан Темір Жолы ҰК АҚ ресми-сайты [электрондық ресурс] URL: <https://railways.kz/>

4. Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарын бекіту туралы [электрондық ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013647>

ОӘЖ 338.43:659235 (045)

### **БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРДІ БЮДЖЕТТЕУ НЕГІЗІНДЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҰЙЫМДАРЫНДА БАСҚАРУ ЕСЕБІНІҢ ӘДІСТЕМЕСІН ӘЗІРЛЕУ**

**Ябекова Салтанат Сәндібекқызы**

*Saltanat.yabekova@mail.ru*

Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің докторанты,  
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші- Шаукерова З.М.

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы өндірісі көлемінің төмендеуі, өнім бағасының төмендеуі және жоғары сапалы өнімдерді тұтынудың артуы жағдайында бизнесті процестік тәсіл негізінде басқару ең перспективалы болып табылады. Сондықтан ауыл шаруашылығы ұйымдарының есепке алу-талдау жүйесіндегі айқындалушы орынды ағымдағы ішкі және сыртқы процестер бойынша сапалы және тиісті ақпаратты жинақтауға ықпал ететін есепке алу, бюджеттеу және бақылау жүйесін әзірлеуді және практикалық іске асыруды көздейтін және басқару буынының қызметкерлері жедел және стратегиялық шешімдер қабылдау үшін тиімді пайдаланатын бизнес-процестерді қалыптастыру және басқару алуы тиіс[1].

Экономикалық белгісіздік жағдайында болашақты болжау, алдын-ала жоспарлау және бақылау арқылы, яғни бюджеттеу жүйесінің көмегімен мүмкін болатын өзгерістерді болжау қажет. Бюджеттеу-бұл белгілі бір кезеңде кәсіпорынға қол жеткізу қажет сандық және сапалық көрсеткіштер түріндегі қызмет мақсаттарын қою[2].

Бюджеттеуді қолдану ауылшаруашылық кәсіпорнына қаржылық көрсеткіштерді жоспарлауға және ағымдағы ақпаратты қаржылық жоспарлармен салыстыру негізінде барлық құрылымдық бөлімшелердің жағдайын бақылауға мүмкіндік береді, бұл кірістер мен шығыстарды ақшалай қаражатты ұтымсыз пайдалану себептерін нақты анықтай отырып бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бюджеттеу қолайсыз жағдайлардың нұсқаларын модельдеуге және есептеуге көмектеседі және осы негізде қажетті шараларды уақтылы қабылдауға көмектеседі. Бюджеттеуді белгілеу процесінде ұйымның құрылымы мен жүйесінің ағымдағы жай - күйін бағалау үшін алдын-ала кезеңде ұйым қызметінің бизнес-диагностикасын жүргізу қажет. Диагностика жүргізілгеннен кейін бюджеттеу жүйесін құру тұжырымдамасын әзірлеу, оны құрудың мақсаттары, міндеттері мен принциптерін, жүйенің